

✓ Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж.Асановқа

Қызылорда облыстық сотының
төрағасы
Қ.Ж.Нұрышевке

Тәшімбетов Бауыржан
Ғалымжанұлынан және
Анасы Тәшімбетова Бибісарадан
Мекен-жайы: Қызылорда
қаласы, Скатков көшесі №98 үй,

Құрметті Жақып Қажыманұлы!
Құрметті Қамбар Жұмабайұлы!
ӨТІНІШ

Қызылорда облыстық ішкі істер Департаментімен және Қызылорда облысының прокуратураымен ұлым Тәшімбетов Бауыржан Ғалымжанұлын атыс қаруын заңсыз өзімен бірге алып жүріп және адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшыратумен тура бағытталған, адамға байланысты емес мән-жайлары бойынша ақырына дейін жеткізе алмай, тікелей пиғылмен оқталып, яғни ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігіндегі және 24-бабының 3-бөлігі арқылы 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған деп **айыптаған болатын.**

Аталған қылмыстық іс бойынша ұлым Тәшімбетов Ғалымжан жәбірленушіні абайсызда мылтықты тауып алып, қызықтап қарап отырып атып алғанын, аталған қылмысты абайсызда жасағанын сотқа дейінгі терегу кезінде тергеушіге, прокурорға айтып, жазып түсіндіре алмадық. Жәбірленушіде ұлым Ғ.Тәшімбетовпен бас араздығы жоқ екендігін, абайсызда мылтықты атып алғанын, сол жерде болған куәларда ұлым Б.тәшімбетовтың жәбірленушіні абайсызда атып алғанын көрсетумен келген болатын.

Алайда, Қызылорда облыстық ішкі істер Департаментімен және Қызылорда облысының прокуратураымен ұлым Тәшімбетов Бауыржан Ғалымжанұлын адам өлтіруге оқталды деп ҚК-нің 99-бабының 1-бөлігімен айыптап, қылмыстық істі айыптау актісімен бірге сотқа жолдады.

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Сабыров 15.06.2018 жылғы үкімімен ұлым Тәшімбетов Бауыржан Ғалымжанұлының қылмыстық ісін қарап, абайсызда жәбірленушінің атып алып, ауыр дене жарақатын салған деп 3-жыл мерзімге шектеу жазасын тағайындап, ұлым Тәшімбетов Ғалымжанды сот залынан бостандыққа жіберді, әділ сот үкімін қабылдады.

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Сабыровтың ұлым Тәшімбетов Бауыржан Ғалымжанұлын түрмеен шығарғанына емес, әділ сот үкімін шығарғанына үлкен ризашылығымды білдіріп отырмын.



Әрине түсінемін Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Сабыров әділ сот үкімін қабылдаса, ол оның міндеті деулеріңіз мүмкін, бірақ мен және және ұлым судья А.Сабаровқа үлкен алғысымды айтқымыз келеді.

Сіздерге **Құрметті Жұмабайұлы, Құрметті Қамбар Жұмабайұлы, Сабыров Асхат Аббасұлы** жұмыстарыңызға табыс тілеп, алғысымды білдіремін. үлкен ризашылығымды білдіремін, сот билігінде әрі қарай әділ сот үкімдерін қабылдап, халқымыздың саубына қала берулеріңізге тілектеспін.

Әсіресе **Сабыров Асхат Аббасұлына жұмысында үлкен табыс тілей отырып, біздер тәрізді қарапайым жұртшылықтың сауабына қала берсін.Елімізде судьялар болса Асхат Аббасұлы тәрізді әділ соттар бола берсін, А.Сабыровты марапаттауды сұраймын.**

Құрметпен!
Өтініш білдірушілер:



Б.Тәшімбетова

Б.Тәшімбетов